

«Бекітемін»



Мектеп директоры:  А.С.Абдрахманова

«31» 08 2023ж.

«ТЕАТР ӘЛЕМІ» үйірмесінің жоспары

Жетекші: Аяпбергенова К.С

2023 – 2024 оқу жылы

Түсінік хат

«Театр әлемі» үйірмесі - бұл балалардың жақсы көретін театрларының бірі. Ол балаларды өзінің әсемдігімен, динамикасымен қызықтырады. Қуыршақ театрында балалар өздеріне таныс ойыншықтармен жүздеседі: аю, қоян, ит, қасқыр т.б. Көрініс өзіндік ерекшелігімен балаларды қызықты, сырлы әлемге бірден баурай кетеді.

Қуыршақ театры балаларға көп қуаныш, жағымды эмоция әкеледі. Бұның тәрбиелік мәні өте зор. Бастауыш және ортаңғы мектеп жасындағы балалар үшін маңызды уақыт. Себебі осы уақытта олардың талғамы, көз-қарасы, қызығушылығы қалыптасып, балалар достық, шыншылдық, өзара түсіністік, тапқырлық, қайсарлық, т.б. мінез ерекшеліктерін үлгі ретінде көрсете алады. Осындай мақсаттарды іске асыруда қуыршақ театры септігін тигізеді. Қуыршақ театры адамдарға бірталай әсер етеді: көркем образдар, персонаждар, безендіру мен әуен- бұның бәрі іспеттес. Баланың нақтылы ойлауын жеңілдетеді, әдеби шығарманың мазмұнын дұрыс, қанық түсінуге көмектеседі және оның көркемдік талғамының дамуына ықпалын тигізеді. Шеберлікпен, образға кіріп ойнаған қойылым жағымсыз қылықтарды бағалауға, ал жағымды кейіпкерге ұқсағысы келуі сезімін тудырады. Театрда көргені баланың дүниетанымын дамытып, мәңгілікке есте қалады. Балалар көрген-білгенін ата-анасына, жолдастырына айтады, сөйтіп баланың тілі дамып, өзінің сезімін білдіру машығы қалыптасады. Балалар салған суреттерінде қойылым эпизодтарын бейнелейді, ермексазбен мүсіндеп, өзара қойылымдар қоюға жетелейді. Бұндай ойындар шығармашылық күш пен балалардың қабілеттерін дамытады. Осылайша, қуыршақ театры баланың жан-жақты дамуына ықпалын тигізеді.

Мақсаты:

- Балаларды театр әлемімен таныстыру;
- «Образға кіру» туралы түсінік беру;
- Театр әлемінің есігін паш ету;
- Қазақ тіліне деген құрмет сезімдеріне тәрбиелеу;
- Оқушының шығармашылығын театр түрлері арқылы дамытып, сөйлеу қабілеттерін жан-жақты жетілдіру

Міндеттері:

- *Театрды өнер ретінде таныстыру;
- *Қуыршақ театрының тарихымен таныстыру;
- *Халық ертегілерінің поэзиясын түсінуге үйрету;
- *Кітап оқу қызығушылығын арттыру;
- *Сөйлеу тілін, дүниетанымын дамыту;
- *Сезімін білдіріп, көпшілікте сөйлеп, өзін-өзі ұстауды үйрету.
- *Балалардың өмірін қызықпен, қуанышпен толтыру;
- *Қуыршақтар тігуге бейімдеу;
- *Театр қойылымдарында меңгерген машықтары мен біліктерін күнделікті өмірде қолдануын талап ету.

Күтілетін нәтиже:

Қуыршақтармен ойналатын ойын түрлері туралы түсініктері болады;
Диалог бойынша сөйлесу арқылы тіл мәдениетін жетілдіреді;
Балалар «Театр әлемі»- үйірмесі арқылы армандарының орындалып, қиялдарының қанаттауына оң әсер беретінін ұғынады;
Ертегіні теледидардан көргеннен гөрі, қуыршақтармен ойнаған қойылымдардың ерекше екендігіне көз жеткізеді;
Белсенділік, қайырымдылық, ұжымдық дағдылары қалыптасады.
Қуыршақты алып жүру тәсілдерін игереді;
Театрландырылған әрекеттердің қатысушысы болуға ұмтылады;
Ойындар мен ойдан шығарылған әрекеттерді мәнерлі орындайды;
Шығарма кейіпкерлеріне аяушылық білдіреді, жанашырлығын көрсете отырып өз ойын білдіреді;
Қуыршақты басқаруды, режиссерлік театрлық ойындарда көрермендерге байқатпай ұстауды, кейіпкердің пішінін немесе қуыршақты дұрыс жүргізуді, жүруді, жүгіруді, секіруді, ишараны және қимылды үйлестіруді, сәлемдесу мен қоштасуды, келіскенді және келіспегенді белгілей алады.

Бағдарлама мазмұны:

1. Кіріспе 16 сағат

- Қуыршақты қолға киіп ойнайтын театрдың «Киімелі» түрімен таныстыру.
- Бағдарлама мазмұнына кіріспе
- Оқушылардың сабақ кезіндегі әрекеттеріне талап қою
- Оқушылардың сабақ кезінде тәртіп сақтауы

2. Негізгі бөлім 116 сағат

- Оқушылар ертегілерді қызығушылықпен оқып, оны қуыршақтармен ойнай білуге қызықтыру.

Саусақ театрында саусақтардың көмегімен қандайда болмасын ертегіні немесе өлең - тақпақ шумағын сахналау болып табылады. Саусақ театры арқылы баланың сөйлеуге деген талпынысы, қабілеті дамып, ынтасы артады және шығармашылық әрекетіне жол ашылады. Саусақ ойынын ойнай отырып, балалар қоршаған ортадағы заттар мен құбылыстарды, жан - жануарларды, құстарды және ағаштарды бейнелей алады. Саусақтарының қозғалыс қимылына қарап, бала қуанады шаттанады, сөз айтуға тырысады және өлеңде үйренген сөз шумақтарын қайталап айта отырып, есінде сақтайтын болады. Сонымен қатар балалар екі қолын қимылдата отырып, оң, сол, жоғары, төмен т.б. түсініктерді бағдарлай алуда үйренеді. Бұнда балалар тақпақтарды жаттап, оның өзіне тән орындау кезінен бастап - ақ кішкене көлемді спектакельдер ойнайды. Ондағы адамдар рөлін ойыншықтар орындайды. Балалар атрибуттарды саусақтарына киеді. Ертегінің мәтінін айта отырып саусақтарын қимылдатып сюжет жасайды. Көріністі ширманың сыртында тұрып, немесе топта еркін қозғала жүріп көрсетеді.

3. Қорытынды 4 сағат

- Жыл бойы дайындаған ертегілерді оқушыларға қуыршақтармен ойнап көрсету. Ойын барысында ойын ситуациясына бейімделу, алғашқы да жекелеген элементтерді, кейінен рөлді толығымен ойнау арқылы баланың ой - өрісі, қиялы дамиды. Рөлді ойнау арқылы өз кейіпкерін алдына елестетіп қана қоймай, бала оның әрекеттерін, сезімдерін сезінеді.

Осындай эмоциялық күйлер баланы бұрын байқамаған өмір көріністеріне таң қалдырып, өз сезімін мимика, ым - ишара, тағы басқа көріністер арқылы біреуге үйретеді. Саусақ ойындар балалардың ой - өрісін кеңейтеді, балаларды әңгімеге араласуға, әңгіме туралы ата - аналарына, жолдастарына әңгімелеп беруге итермелейді. Бұның бәрі сөйлеу қабілетінің дамуына, диалог түрінде сөйлеуге өзі алған әсерін монолог түрінде сөйлеп жеткізуге септігін тигізеді.

**«Театр әлемі»- үйірмесінің
Күнтізбелік жоспары**

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
	Кіріспе бөлім	16	
1.	Топтың құрылуы. Жоспармен таныстыру.	2	04.09 04.09
2.	Қуыршақты қолға киіп ойнайтын театрдың «Киіlmелі» түрімен таныстыру.	4	05.09 05.09 11.09 11.09
3.	Театрлық қуыршақтармен және театр мамандықтарымен таныстыру.	4	12.09 12.09 18.09 18.09
4.	Қуыршақпен жұмыстың негізгі ережелері.	2	19.09 19.09
5.	Қойылым таңдау. Мазмұнымен толық танысу.	4	25.09 25.09 26.09 26.09
	Негізгі бөлім	116	
6.	Жаңылтпаштар арқылы анық сөйлеуге жаттықтыру.	4	02.10 02.10 03.10 03.10
7.	Әртүрлі ертегілер арасындағы диалог	6	09.10 09.10 10.10 10.10 16.10. 16.10
8.	Үйірмеге қатысушылармен мәнер, дикциямен жеке жұмыс.	8	17.10 17.10 23.10 23.10 24.10 24.10 06.11 06.11
9.	Сценарии бойынша жұмысты бастау «Үйшік»- ертегісі	6	07.11 07.11 13.11 13.11 14.11 14.11
10.	Ертегі бойынша дайындық.	6	20.11 20.11

			21.11 21.11 27.11 27.11
11.	Қорытынды дайындық.	4	28.11 28.11 04.12 04.12
12.	Ата-аналардың алдында қойылымды көрсету.	2	05.12 05.12
13.	Қысқа қойылымдардың сөздерін дайындау, жаттығу. «Тиін мен Қасқыр»- ертегісі бойынша дайындық.	4	11.12 11.12 12.12 12.12
14.	Қысқа қойылымдардың сөздерін дайындау. «Түлкі мен қоян» "Тұғыры биік Тәуелсіздік"- дөңгелек үстел. Қысқа қойылымдардың сөздерін дайындау, жаттығу. «Түлкі мен қоян»- ертегісі бойынша дайындық.	6	19.12 19.12 25.12 25.12 26.12 26.12

15.	Қысқа қойылымдардың сөздерін дайындау, жаттығу. «Арыстан мен Тышқан»- ертегісі бойынша дайындық.	6	08.01 08.01 09.01 09.01 15.01 15.01
16.	«Қызыл телпек» ертегісі “Театр әлемі” атты сурет салу байқауы "Менің атым Қожа" қойылымын қоюға дайындық. "Менің атым Қожа" қойылымын көрермендер алдында қою	10	16.01 16.01 22.01 22.01 23.01 23.01 29.01 29.01 30.01 30.01
17.	"Маскалар" байқауы	4	05.02 05.02 06.02 06.02
18.	Мимикамен жұмыс. Дайындық жұмыстары Мимикамен жұмыс. Фотоколлаж дайындау «Мен мультфильм кейіпкерімін» шара Көлеңке театры	10	12.02 12.02 13.02 13.02 19.02 19.02 20.02 20.02 26.02 26.02
19.	«Шипалы түн» -әңгімесінің мазмұнын талдау.	4	27.02 27.02 04.03 04.03
20.	Қойылым бойынша дайындық. Рольдерді бөлу. Дайындық	6	05.03 05.03 11.03 11.03 12.03 12.03
21.	Қойылымды көрермендер алдында қою.	4	18.03 18.03 19.03 19.03

22.	https://www.city360.kz/ сайтымен жұмыс	4	01.04 01.04 02.04 02.04
23.	«Астан Опера», Абай атындағы опера және балет, М.Әуезов атындағы театрларына виртуалды саяхат.	6	08.04 08.04 09.04 09.04 15.04 15.04
24.	«Менің сүйікті актерім».	4	16.04 16.04 22.04 22.04
25.	Театрға бару - тамаша отбасылық дәстүр.	2	23.04 23.04
26.	«Ешкім де, еш нәрсе де ұмытылмайды!», «Ұлы Жеңіс», «Бейбітшілік — ұранымыз» атты суреттер көрмесі	6	29.04 29.04 30.04 30.04 06.05 06.05
27.	Театрдың балаларға қандай пайдасы бар?-пікірталас	2	13.05 13.05
	Қорытынды бөлім	4	
28.	«Егер мен актер болсам...» дөңгелек үстел	2	14.05 14.05 20.05 20.05
29.	Қорытынды сабақ	2	21.05

«Бекітемін»

Мектеп директоры:

 А.С.Абдрахманова

« 31 » 08 2023ж.

**«Театр әлемі» үйірмесіне
қатысатын оқушылар
тізімі**

№	Аты-жөні	Туған жылы	сыныбы
1	Аманғали Райхан	03.07.2009	9
2	Жұбжанова Ақнұр	03.04.2010	8
3	Жұмағұлова Айым	19.11.2010	7
4	Турсумбаева Наргиз	30.06.2010	7
5	Бисембаева Жангүл	21.10.2010	7
6	Жұбжанов Нұркелді	20.10.2011	6
7	Тлеміс Мансұр	15.10.2011	6
8	Турсумбаев Жандос	12.05.2012	6
9	Әділхан Еркеназ	21.04.2012	6
10	Айтқали Айдын	07.02.2013	5
11	Аргумбаева Інжу	20.04.2013	5
12	Алитурлиев Мади	05.10.2013	5
13	Аманғали Ясмин	29.11.2012	5
14	Распаев Тамерлан	22.10.2012	5
15	Телеген Нұрасыл	13.06.2014	4

«Бекітемін»

Мектеп директоры:  А.С.Абдрахманова

« 31 » 08 2023ж.

«Театр әлемі» үйірмесінің

Сабақ кестесі

<i>Күні</i>	<i>I ауысым</i>	<i>II ауысым</i>
<i>Дүйсенбі</i>	<i>10.30-12.30</i>	
<i>Сейсенбі</i>		<i>14.30-16.30</i>